

Ақмола облысында орманды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2004 жылғы 01 маусымдағы N 3С-5-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 07 шілдеде N 2669 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы № 4С-12-14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 06.02.2009 № 4С-12-14 шешімімен.

Салық кодексінің 473 бабының 1 тармағына, 470 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 14-бабының 3 тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес облыстық мәслихат
Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Ақмола облысында орманды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекітілсін (қоса беріледі).

2. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 5 тамызда N 1247 тіркелген, облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 19 шілдедегі N С-18-12 "Ақмола облысында орманды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешімі күшін жоғалтты деп есептелсін.

3. Шешім Ақмола облысының Әділет Департаментінде тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

01.06.2004	О б л ы с т ы қ	ж ы л ғ ы	м ә с л и х а т т ы ң	N	3 С - 5 - 6
" А қ м о л а			о б л ы с ы н д а		
о р м а н д ы		п а й д а л а н у		ү ш і н	
т ө л е м а қ ы			с т а в к а л а р ы н		
б е к і т у			т у р а л ы "		
шешіміне қосымша					

Ақмола облысында орманды пайдалану үшін төлемақы ставкаларын

--	--	--	--

№ р-р	Орманды пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	төлемақы ставкасы, теңге
1.	Шөп шабылатын шабындықтар: Өнімділігі 5ц/га дейін Өнімділігі 6ц/га дейін	га га	120 144
2.	Механикаландырылған әдіспен шөп шабу (20% ұлғаю)	га	173
3.	Ара ұялары мен омарталарды орналастыру	балұя	298
4.	Мал жайылымдары (бір ІҚМ, жылғы)	жыл	120
5.	Мал жайылымдары (басқа түрлері)	жыл	60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК